

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяған Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжехан Ісламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожаметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэйти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернеиовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекон Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчакведения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyas Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želyys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ

Мұхатова О.Х.

Т.ғ.д., профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының БҒҚ.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Қазақ еліне адал еңбек еткен, «Алаш» қайраткері, дәрігер Асылбек Сейітовтің «Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек (Жазды күнгі оқытушылар курсы ашылар алдында)» атты мақаласы талданады. Автор деректанудың әдістемесін және әдістерін пайдалана отырып аталған еңбектің мазмұнын талдап, маңызын анықтайды. Тарихи деректің пайда болуын, репрезентативтілігін, фактілерінің шынайылық дәрежесін анықтайды. Асылбек Жұманұлының кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы білім беру бағдарламасы жөніндегі пікірлері большевиктік биліктің ерешеліктерімен байланыстырыла көрсетіледі. Асылбектің қабылданған бағдарламалардың әрқайсысына тоқталып, олардың білім алудағы ұтымды тұстары бойынша жасаған тұжырымдары талданады. Мұғалімдердің міндеттері, біліктіліктерін көтерудің қажеттілігі, білім берудегі пәнаралық байланыстар, өлкетануды оқытудың маңызы турасындағы ойлары сараланып, баға беріледі. Алаш ардақтысының оқушының алған білімін тәжірибемен ұштастыру жөніндегі пікірлеріне ерекше назар аударылады. А. Сейітовтің жаратылыстану пәндерін оқытуға баса назар аударылуы тиістігі төңірегіндегі ойлары талданады. Пәндерді оқытуда қазақ халқының рухани мұрасын, солардың арасында ауызша деректерді кеңінен пайдалану қажеттілігі туралы пікірлері айқындалады.

Түйін сөздер: тәжірибе., пәнаралық байланыс, Кеңес өкіметі, білім беру, деректанулық талдау, Сейітов Асылбек, ағарту, мұғалім

МЫСЛИ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ОБ ОБРАЗОВАНИИ

Мухатова О.Х.

Доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч. Валиханова. Казахстан, г. Алматы.

Аннотация. *Введение.* В статье анализируется статья Асылбека Сеитова, врача, деятеля движения «Алаша», честно служившего казахскому народу «Что делать на пути просвещения (до открытия летних педагогических курсов)». Автор используя методы и приемы источниковедения анализирует содержание и определяет значимость данной работы. Определяет формы бытования, репрезентативность, степень достоверности исторических фактов получившие отражение в данном источнике. Взгляды Асылбека Жумановича на образовательную программу в Казахстане в первые годы советской власти показываются в связи с особенностями большевистской власти. Анализируются выводы Асылбека по каждой из принятой программе советской властью в Казахстане. Анализируются и оцениваются обязанности учителей, необходимость повышения квалификации учителей, междисциплинарные связи в образовании, важность преподавания краеведения. Особое внимание уделяется взглядам деятеля Алаша по привязанию полученных знаний учениками с практикой. Анализируются взгляды А. Сеитова на необходимость уделения особого внимания преподаванию естественных наук. Определяются мнения Асылбека Жумановича о необходимости использования духовного наследия казахского народа, в том числе устных преданий, в преподавании дисциплин.

Ключевые слова: советская власть, образование, источниковедческий анализ, Асылбек Сейтов, просвещение, учитель, междисциплинарные связи, практика.

THOUGHTS OF THE ALASH LEADER ABOUT EDUCATION

Mukhatova O.Kh.

Doctor of Historical Sciences, Professor. Chief Researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

Abstract. Introduction. The article analyzes the article by Assylbek Seitov, a doctor, a leader of the «Alash» movement, who honestly served the Kazakh people «What to do on the path of enlightenment (before the opening of summer pedagogical courses)». The author, using methods and techniques of source studies, analyzes the content and determines the significance of this work. Determines the forms of existence, representativeness, the degree of reliability of historical facts reflected in this source. Assylbek Zhumanovich's views on the educational program in Kazakhstan in the first years of Soviet power are shown in connection with the peculiarities of the Bolshevik regime. The conclusions of Assylbek on each of the programs adopted by the Soviet authorities in Kazakhstan are analyzed. The duties of teachers, the need to improve the qualifications of teachers, interdisciplinary ties in education, the importance of teaching local history are analyzed and evaluated. Particular attention is paid to the views of the leader of Alash on linking the knowledge gained by students with practice. The views of A. Seitov on the need to pay special attention to the teaching of natural sciences are analyzed. The opinions of Assylbek Zhumanovich on the need to use the spiritual heritage of the Kazakh people, including oral legends, in teaching disciplines are determined.

Keywords: Soviet authority, education, source analysis, Assylbek Seitov, education, teacher, interdisciplinary connections, practice.

Кіріспе

Білім беру деңгейі – экономикалық және ғылыми техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екені белгілі. Ол – мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім беруде артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізері сөзсіз. Сондықтан да білім беру және оны заманауи талаптарына сәйкес жүргізу үшін жаңа технологиялармен қатар өткен уақыттардағы тәжірибенің озық тұстарын пайдалану маңызды. Осы орайда ұлт зиялыларының ағарту саласындағы көзқарастарын зерделеу көкейкесті болып табылады. Өз кезегінде Алаш ардақтылары кеңестік билікті мойындамаса да халқының болашағына алаңдап, ұрпағының білімді болуына баса назар аударды. Өздері мұғалім болмаса да оқулықтар мен оқу құралдарын дайындады, дәрістер оқыды, ақыл-кеңестерін берді. Солардың бірі – Асылбек Сейітов. Кәсібі жағынан дәрігер абзал азамат білім беруге тікелей қатысты бірнеше мақалалар жазып, мерзімді басылым беттерінде жариялаған. 1925 жылы Семейде қоғамдық-саяси, экономикалық, ғылыми-педагогикалық және әдеби-өлкетанулық «Таң» журналы шығып тұрды. Оның құрылтайшылары Семей губерниялық партия, атқару және кәсіподақ комитеттері еді. Журналдың небәрі төрт-ақ саны шықты, солардың барлығында дерлік Асылбектің ұрпақтың денсаулығы және тәрбиесі туралы, халықтың мұң-мұқтажын қозғайтын мақалалары жарияланды. Сол еңбектер күні бүгінге дейін өздерінің мәні мен маңызын жоймай келеді. Білім беру және оны жақсарту турасындағы пікірлері қазіргі уақытта көкейкесті болып саналады.

Материалдар мен әдістер

Асылбек Сейітовтің өз қолымен жазған еңбектері бірлі-жарымы болмаса, сақталмаған. Оның себептері де жеткілікті: біріншіден, Асылбек Жұманұлы Сейітов қамауға алынған кезде оның барлық құжаттары мен жеке заттары жоғалып кеткен. Екіншіден, «халық жауы» ретінде атылған азаматтың ұзақ жылдар бойы есімін атау мүмкін болмады. Үшіншіден, Асылбектің өмірі мен қызметіне байланысты деректерді жинақтатын туысқандары да қуғын-сүргінге ұшырап, өмірден ерте озды. Бірқатар материалдар мен құжаттар қызы Розаның, одан кейін Клара Асылбекқызының табандылықтары арқасында жинақталып, сақталды. Соның нәтижесінде Алматы қаласы мемлекеттік архивіне (ГАГА, 2002) өткізілді. Архивте Алаш ардақтысының жеке қоры құрылды. Студент кезінде жазған «Оқушыларға жәрдем жәмиғаты» (Қазақ, 2014) атты мақаласында қазақ балаларының білім алуына көмек беру үшін жәмиғат ашу қажет екендігін сөз еткен. Ал біз талдап отырған мақаласының көшірмесі Клара Асылбекқызының жеке архивінде сақтаулы. Асылбектің «Таң» газетінде жарияланған еңбектерінің бірі «Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек (Жазды күнгі оқытушылар курсы ашылар алдында)» деп аталады. Мақала соңында Асылбек Сейітов өзінің аты-жөнін толық көрсетпей А.С. деп бүркеншік есіммен берген. Мақала араб қарпінен кириллицаға аударылған қолжазба түрінде Асылбек Жұманұлының қызы Клара Сейітованың жеке архивінде сақталған (Сеитова) Кириллицаға көшіріп жазған – Маһисәруар, өкінішке орай тегін көрсетпеген. Мақаланың тарихи маңызымен қатар білім беру саласын дамытудағы мәні зор.

А. Сейітовтың қызметі, өмірі туралы зерттеулер өткен ғасырдың 70 жылдарында басталды. Зерттеулердің басым бөлігі қайраткердің медициналық қызметі мен саяси қызметіне арналған. Зерттеулер өте аз десек болады, олардың басым көпшілігі бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде жарияланған. Сондай еңбектерді шартты түрде екіге бөлуге болады: бірі - Асылбек Сейітов туралы және екіншісі – қызы Клара Сейітованың естеліктері. Дегенмен Асылбектің аты-жөні қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдары Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» (Сейфуллин, 1977) заманхатында аталды.

Алғашқы зерттеулер – 1992-2002 жылдар аралығында жарық көрген мақалалар. Алғаш рет Асылбек туралы Л. Власовтың «Анна Портнягина» (Власов, 1992) атты 1992 жылы «Простор» журналында жарияланған мақаласында айтылды. Бұл есімі ақталған Алаш арысы турасындағы тұңғыш еңбек еді. Ұзақ жылдар бойы есімдерін ауызға алуға тиым салынған Алаш қайраткерлерінің есімдері елге қайтарылып, халқына еткен еңбектері айтыла бастаған кез Ұлы Дала Елінің тәуелсіздік алуымен тығыз байланысты болатын. Қазақстан өзіндік ерекшеліктер мен өзіндік ұстанымдары бар дербес мемлекетке айналған тұста Асылбек Сейітовті танытатын кішігірім еңбектер жарық көрді. Солардың қатарында Клара Сейітованың бірқатар жарияланымдары мен сұхбаттары (Сеитова, 1997), Н. Байсақалдың (Байсақал, 2002) Д. Әбіловтің (Әбілов, 2001), О.Х. Мұхатованың мақалалары және монографиясы (Мұхатова, 2018) бар. Бұл еңбектердің барлығы Алаш ардақтысының ғұмыры мен қызметін зерделеуге қосылған үлес болды. Айта кетерлік бір жайт, Асылбек туралы жарияланым авторларының барлығы дерлік журналистер. Оған дәлел – Г. Нагиметовтың «Жизнь, отданная народу» (Нагиметов, 1987), К. Лавровтың «Врач с большой буквы» (Лавров, 1999), М. Сәрсекенің «М. Асылбек Сейітов кім болған?» (Сәрсекен, 2001) тақырыптарындағы жергілікті баспасөз беттеріндегі мақалалары. Медеу Сәрсекенің «Асылбек Сейітов кім болған?» атты көлемді еңбегі жазықсыз жазаның құрбаны Асылбек туралы ең алғашқы біршама көлемді зерттеу болып табылады. Алматы қалалық Орталық мемлекеттік архиві ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің бастығы М. Тахаеваның «Дәрігер жазбалары» атты тезисінде Асылбек Сейітовтің жеке қоры туралы айтылған.

Отандық тарихнамада «Асылбек Сеитов: патриот, общественный деятель, ученый. Сборник статей и архивных материалов, посвященный деятельности выдающегося алашского деятеля

Асылбека Жумановича Сеитова (1894-1937 гг.)» атты жинақ (Сеитов, 2013) айтарлықтай орын алады. Өйткені жинаққа Асылбек Сейітовтің өмірі мен қызметіне қатысты бірқатар архив құжаттары, сондай-ақ мақалалар топтастырылған. Деректерді жинақтап, редакциясын басқарған республикаға танымал тарихшы-ғалым З. Кабулдинов. Еңбектің Асылбек Жұманұлының ғұмырнамасын зерттеудегі маңызы зор.

Алайда «Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек» еңбегін талдауға арналған зерттеулер жоқтың қасы.

Зерттеу жүргізудің негізі болып деректану мәселелерін дамытуды зерделейтін заманауи идеялар мен ғылыми тұжырымдамалар табылды. Зерттеудің методологиялық негізіне деректерді адамның, тұлғаның өзіндік шығарамашылық әлеуетін және ақпараттық қорын материалдық түрде іске асыратын, мәдени нысан ретінде зерттейтін феноменологиялық тұжырымдама алынды. Зерттеу барысында деректану ғылымының тарихилық, объективтілік және әлеуметтік таным принциптері басшылыққа алынды. Бұл қағидалар тарихи деректің пайда болуының тарихи жағдайларын, дерек авторының ұстанымдарын анықтауда, ой-пікірлері мен тұжырымдарына баға беруде қолданылды. Автор Алаш қайраткерінің еңбегін талдауда деректанудың әдістемесі мен әдістерін пайдаланды. Солардың ішінде деректің пайда болуы объективтілігін анықтау, мәтіндік талдау, деректанулық талдау, деректің шынайылық дәрежесін анықтау, дерек фактісінің маңызын бағалау әдістері қолданылды. Тарихи деректерді өткен кезең туралы мәліметтерді тасушы ретінде, ондағы объективтілік пен субъективтіліктің байланысы, тарихи фактінің шынайылығын анықтау, деректердің түрлері мен мазмұны, олармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері қоса пайдаланылды.

Талдау

Асылбек Сейітовтің өмірбаянынан. Асылбек Жұманұлы Сейітов 1894 жылы 22 қаңтарда Омбы генерал-губернаторы жанындағы кеңсе тілмашының отбасында дүниеге келген. Алайда Асылбек өзін мұғалім отбасында туылдым деп көрсеткен. Алдымен шіркеу-приход, содан соң Омбы классикалық ерлер гимназиясында білім алған. Гимназияны 1911 жылы тәмамдап, сол жылы Том мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен. 1916 жылы университетті үздік бітірген Асылбек елге қайта оралып, Баянауылдағы казак станицасы дәрігері қызметіне орналасты. 1917 жылы Орынбор қаласында өткізілген I - жалпықазақ съезіне делегат болып сайланған. 1917 жылдың желтоқсан айында Орынборда II жалпықазақ съезі өткізіліп, Алашорда үкіметі құрылды. Омбыда Алашорда комитеті құрылып, оның құрамына Мағжан Жұмабай, Айдархан Тұрлыбай, Баймұхамбет Серкебай, Асылбек Сейітов, Мұсылманбек Сейітов, Асылбектің ағасы және тағы басқалар енгізілді. 1918 жылдың мамыр айында Омбыда Алаш партиясының тұғырнамасын қабылдаған «Бірлік» жастар ұйымы құрылды. Ұйым жетекшілерінің құрамына Асылбек және Мұсылманбек Сейітов енгізілді. Сол уақытта Семейде құрылған «Жас азамат» ұйымы құрылып, оның құрамына Мұратбек Сейітов (Асылбектің інісі) мүше болып кірді. А. Сейітов халықтық денсаулық саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етті. 1922 жылы А. Сейітовті Семейге губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауыстырған. Мұнда ол 15 жыл бойы дәрігерлік қызметімен қоса қоғамдық жұмыстарға белесене араласқан. Губерниялық денсаулық сақтаудың меңгерушісі ретінде облыстың денсаулық сақтау саласында қыруар шаруа атқарды. 1937 жылдың маусымы мен 3 желтоқсан аралығы Асылбектің өмірі мен қызметіндегі ең қысқа кезең болды. Ол Қазақ денсаулық сақтау комиссариатына бөлім меңгерушісі болып қызметке шақырылды. Сол жылы Қазақ КСР Денсаулық сақтау халық комиссариатының жоспарлау-қаржылау бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды. 1937 жылдың қараша айының соңында А. Сейітовке Алматы қаласындағы темекі фабрикасының жанындағы амбулатория базасында емхана ұйымдастыру жұмысы тапсырылды. Асылбек Сейітов

өзіне жүктелген міндетті мерзімінен бұрын орындады. 1937 жылдың 25-қарашасында №5 емхана ашылып, оның бас дәрігері болып көпшіліктің бірауыздан қолдауымен Асылбек Сейітов тағайындалды. Алайда ол өз қолымен құрған емхананы бар болғаны 5-ақ күн басқарды. 1937 жылдың 3 желтоқсанында ол қамауға алынды. Асылбекке шығарылған үкім бойынша 10 жыл хат жазу қақынан, бас бостандығынан айырып, тоталитарлық жүйенің шеткері лагеріне жіберілген. Асылбек Сейітовті ату жазасына кескен «Үштіктің» шешімі бойынша оған «Алашорда» партиясының белсенді мүшесі, Кеңес аппаратын басып алу және орыстарды Қазақстаннан аластату жоспарларын талқылау жиындарына қатысушы, 1927 жылы Кеңес билігінің салықтық шараларын орындамаған, 1930-1933 жылы ауылда дәрігер болып, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді, халық жауы Бөкейханов және т.б. байланыста болып, Қазақстандағы контрреволюциялық мәселелерді талқылады» деген айыптар тағылған. Осылайша Асылбек Сейітов жедел тұтқындалып, «халық жауы» деген жаламен 1937 жылы ату жазасына кесілді.

Дәрігер еңбегінің мазмұны. Тарихтан белгілі кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде «қараңғы, артта қалған, жабайы халықты» социалистік құрылысқа тарту үшін үгіт-насихат жұмыстарын күшейтіп, сауатсыздыққа қарсы майдан ашты. Мұндай жұмыс ондаған жылдар бойы жүргізілді. Дегенмен кеңес өкіметі сауатсыздықпен күресеті өзі қиындатып жіберді. Қазақ халқының жазу-сызуын екі рет өзгертіп, сауаттыларды емес, сауатсыздарды көбейтіп отырды. Оның үстіне сауат ашуды жүргізетін мамандар, мұғалімдер жетіспеді. Аз уақыттың ішінде мұғалімдер, тәрбиешілерді даярлау міндеті туындады. Сол кезде 2-3 немесе 6 айлық курстар деген ұйымдастырылды. Асылбек Жұманұлы өзінің мақаласында осындай күрмеуі қиын күрделі мәселені көтерді. Тақырыбының өзектілігін автор былайша көрсетті: «Кеңестер өкіметі алдында ұлы қиын мәселенің бірі – елдің надандығын, қараңғылығын жою, сауатсыздықпен күресу, жеткіншек жастарды тәрбиелеп жол үйретіп, ең пайдалы өнер техникасымен таныстырып, ел шаруасын, тұрмысын жөнге саларлық білім тәжірибемен таныстыру. Осы жолмен елге үлгі берерлік білімді шаруақор азаматтар тәрбиялап жеткітіру».

Мақаладан А. Сейітовтің жаңа биліктің мүддесінде қызметке араласуды мақсат еткендігі оның партия мен кеңестер саясатын түсінгендігінен көрінеді. 1920-жылдардың бас кезіндегі большевиктік биліктің айқындаған мақсат-міндетін Асылбек «Ел бұқарасы, оқушы жастардың көбінің ұғуынша оқу жалғыз елге билік айтып, ел билерлік азаматтар жеткітіру деп түсінеді. Көп жастардың, мұғалімдердің ойынша саясатқа жүйрік болу, кеңседе қызмет атқару үшін хат білу мен барлық керек білім түгелісетіндей жеп-жеңіл көрінеді. Бұл қата ұғыныс, кеңестер өкіметінің, партияның ұстаған жолына қайшы келерлік нәрсе», - түрінде көрсеткен.

Әрбір мемлекеттің халқының, соның ішінде жастарының көзқарастарын қалыптастырып, өзінің саясатын қолдауға шақыруда алуан түрлі, тіпті қитұрқы әрекеттерге баратындығы белгілі. Кеңес өкіметі де мұндай үдерістен тыс қалмады. Ол түрлі Декреттермен қатар сан түрлі бағдармаларды Бүкілодақтың большевиктер партиясы Орталық комитетінің съездері мен конференцияларында, пленумдарында қабылдап, бекітіп отырды. Сондай қаулы-қарарлардың бірінің мәнін Асылбек Жұманұлы көпшілікке түсіндірген. Жас билік органдарының мақсаты қатардағы кеңестік азаматты қалыптастыруға бағытталғандығын Асылбек былай көрсеткен: «Кеңес өкіметінің негізгі тәрбие жобасы былай дейді: «Біздің дәуірдегі еңбекші таптың балалары мектепте алған білімі, тәрбиясы арқасында өз табынан, тұрмысынан айрылып, төмен дәрежедегі еңбекші табының төріне шығып төрелер, яки оқығандар болып шықпайды. Бұл ескі өкімет, ескі мектеп саясаты. Жаңа тәрбияның негізгі мақсаты оқып шыққан жастар алған білімі, тәжірибесімен жұртқа үлгі берерлік жұртшылдық шаруашылдығымен алдыңғы қатардағы еңбекші жұмыскер яки қара шаруашы болу. Білімі толық болмаған, кейінгі қатардағы жолдастарына кеңес берерлік азамат болуы». Жас мемлекеттің мүддесі таптар мен тап күресіне негізделгендігін аяулы азамат жылдам түсінген. Биліктің діттеген жерін анық байқаса да халқына

қызмет етуді көздеген Асылбек өзгелерді де соған шақырды. Бұны оның мына сөздері дәлелдейді: «Кеңес өкіметінің ұстаған жолы оқығандарды бір өз басына айырым білгіш тап деп қарап ел билеу емес.

Қандай үлкен саяси төңкеріс болмасын егер елдің шаруасын, байлығын түзеу қамын ойламай, жай тәртіп орнату шарасына ғана қараса – бұл төңкеріс пайдасыз, мақсатына жете алмайтын, елді күйзелдіретін залалды нәрсе. Кеңес өкіметінің барлық жер жүзіндегі өкіметтерден басқалығы – жалпы еңбекші табының еңбегінің жемісі өнімді болуын, еңбек жемісінің әділеттілікпен жалпы қоғамның әлеуметтік пайдасына керегіне жұмсауын керек деп табуында». Білім алуда, оқу-ағарту саласындағы тың өзгерістерді көріп, сол бағытта жұмыс жасаудың тиімділігін көрсетуі Асылбек Жұманұлының көрегендігінен, даналығынан хабар береді. «... Жалпы оқу-ағарту жұмысы, мұғалімдер, мектептің оқу жоспарлары туралы сөз жазғандар бұл негізгі жобадан бастамауға болмайды. Біз жаңада ғана мектеп құра бастағанбыз. Бізге жат мәселелер есепсіз көп. Бірақ біздің ниетіміз, бетімізді дұрыс жолға салу үшін ең түпкілікті жобаларды қабылдап, сол жобаны жүзеге асыру шарасын істеу», - деуі сөзіміздің дәлелі.

Білім беру бағдарламасы жөніндегі пікірі. А. Сейітов мақаласын бірнеше мәселелерге бөліп қойған. Алдыңғысы кіріспе ретінде жазылған. Алғашқы, яғни Асылбекше екіншісі, «ІІ - жаңа праграмның түбірі – асылы» деп аталады. Автор кеңес өкіметінің білім берудегі тың бастамасы мен бағдарламасының мақсатын көрсеткен. Ол Асылбектің сөздерімен айтқанды мынадай: «Жаңа праграм ескі жоба ескі жоспарға көңілін бекіткен, машықтанған оқытушыларға аса ауыр. Терең ұлы мағына беріп, қолдан келмейтін іс деген бір қарасында туды. Мұның көп себебі бұрынғы тәртіптің, бұрынғы оқудың бос білім, тұрмысқа үйлеспеген кең дерексіз білім екендіктен туып отыр. Бұрынғы оқығандар өз елінің төнеректік тұрмыс шаруасына, маңайдағы, аймағындағы жаратылыстың шаруаға, тұрмысқа келетін пайдасынан тысқары болған білімге ие болып шығушы еді. Еңбекші табын жаңа өкімет, жаңа тәртіп орнатумен бірінші қатарға қойған мәселе жас буынды тұрмысқа әзірлеу деп қарау». Бұдан әрі Асылбек қабылданған бағдарламаларын әрқайсысына тоқталып, олардың білім алудағы ұтымды тұстарын ашқан. Оқытылатын пәндердің тәжірибелік жақтарына назар аудара отырып, баланың белгілі бір кәсіп иесі болып шығуына ықпалын, білім алушының бойында қазіргі тілмен айтқанда, құзыреттіліктерді, яғни дағды-машықты қалыптастырудың қажеттілігін түсіндірген. Оны былай жеткізген: «Бұл мәселе төмендегі үш жобадан келіп шығады. 1) Оқудың кіндігі төңіректегі елдің еңбекші шаруасын үйрету. Бұл еңбектің бұрынғы ескі түрлерін қазіргі күнде қандайлығын, мәдени техника күштері мол елдерде қалай қойылғандығын білу. Мектепте оқылатын есеп, пизика, қимия сабақтары, тарихи сабақтары жалғыз еңбек шаруа керегіне не түрде пайдалы сол даражада оқылады». Пәндерді оқып-үйренумен қатар алған білімді тәжірибемен ұштастырып, тереңдету мәселелесін де айналып өтпеген. Асылбектің теория мен тәжірибені байланыстырудағы ойы терең. Оған мына бір сөздері арқылы көз жеткізуге болады: «Практика тұрмыста елдің істегенін көріп үйрену, тәжыриба жасаудан баланың жалғастырып білім алуы – тиория шығады. ... Мәселен, елдің өз қолымен жүнді, шуданы жіп қылып ұршық иіруі, онан алаша шекпен тоқуын үйретумен жүннің қандай түрде жаратылысына жолығуын әр түрлі тұқым жүн жабағылы малдардың барлығын, жабай тоқу машиналары – пабрик, заботтағы шыт, кездеме, сөкне тоқитын машиналарды ойлап шығуы керек. Ауылдағы жүн тоқу ұршықтан бастап үлкен пабриктегі жүн тоқитын, жіп жасайтын машиналар техника өнер тариқын, мәданият тариқы дәуірлерін үйрену үшін жеткілікті нәрселер елдің шаруасы, елдің еңбегі арқылы білім алу. Балалар өз күштеріне қарай сол шаруаға қатынасып үйренуі – еңбек мектебі деген сөздің дұрыс жабайы мағнасы». Заманауи Қазақстанда цифрлы индустрияландыруға қол жеткізуде білім мен тәжірибенің рөліне ерекше ден қойылды. Дамыған отыз елдің қатарына қосылуда экономиканың, соның ішінде өңдеуші өнеркәсіпті өркендету ХХІ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның басты басымдылықтарының біріне айналып отыр. Осы

тұрғыдан келгенде сонау өткен ғасырдың 20-жылдары айтылған А. Сейітов ұсыныстарының құндылығы баға жетпес.

Білім алуды еңбекпен тығыз байланыстырып, пәндерді оқытуда балаларды олардың тиімді тұстарына үйретудің маңызын Асылбек: «2) Үйрену білім алудың кіндігі еңбек арқылы елдің еңбегін байқап үйрену арқылы дедік. Еңбек деген сөз марксизм үйретуінше төмендегі мағынаны білдіреді. Еңбек жаратылысынан тіршілікке керек бір-бір затты шығарып сол нәрсені қолдануға (ішіп-жеуге, құрал-асбаб істеу) жарайтын түрге келтіру. Қолда асыраған мал, шашқан егін, бақ, жер бетіндегі топырақ, түрлі науғы кен тастар, ағып жатқан су жалпы табиғат – шаруаға, тұрмысқа керектік жағынан үйретілуге керек», - деп көрсеткен. Бұл жерде автордың еңбек деп отырғаны білім мен ғылымды елдің экономикасына жарату, яғни өндірілген өнімді өңдеу арқылы елдің байлығын еселеу, сұранысын қанағаттандыру, халықтың әл-ауқатын жақсарту. Ол үшін Асылбектің пікірінше, өндіргіш күштерді, яғни еңбек құралдарын, техниканы жетілдіру қажет. Техниканың көмегімен табиғат байлығын игеру, оны халықтың игілігіне жарату. Автордың сөздерімен айтсақ, «Елдің күнелтуі бір жағынан еңбегінің түрлі құрал техникасы артуынан болса (бұл ілгері бірінші шарт), екінші сол жердің байлығы. Жаратылысының беретін заттарына барып тірелуі. ... Елдің күнелтуі үшін, шаруасы үшін ең керекті шарттың бірі төңеректегі жаратылысты үйрену».

Асылбек Жұманұлы мектепте жаратылыстану пәндерін оқытудың маңызына ерекше мән берген. Табиғатты, қоршаған ортаны тану, зерделеу оның апаттарынан қорғанудың, алдын-алуды қамтамасыз етудің ұтымдылығына назар аударған. Жаратылыстану пәндерін меңгерудің қоғам үшін пайдасы туралы жазған. Қазақстан мектептерінде бұл пәндерді шет тілінде оқыту әлемдік заманауи үдерістерден тыс, озық тәжірибеден қалыс қалмаудың, жаһан мойындаған іргелі еңбектерден махұрым болмаудың қамы десек артық айтқандық емес. Мұның өзі қазіргі жаһанданған әлем талаптарының бірі. Ал Асылбек Сейітов болса өз заманы үшін ұтымды мәселені өзгелерден бұрын күн тәртібіне шығарды. «Табиғаттағы уақиғаларға таң қалып отырмай бұл уақиғалардың неден болғанын болжап біліп, шаруа күйсіз залалды болған табиғат күштеріне қарсы шара көруге үйрену – мектептегі жаратылыс сабағы», - дегенінен талай жайтты аңғаруға болады.

Мақала кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі уақыттарда жарияланғандықтан автордың тап күресі мен таптық бағытқа балама еңбек жазуы мүмкін емес еді. Сондықтан да ол ұжымдық психологияны, таптық қоғамды, көппен бірге көретін ортаға бейімделудің қажеттілігін ұсынған. «... Жас буын мектепке келгеннен бастап қоғам үшін тіршілік шаруа жолында еңбекпен басқосудың керегін өздігінен сезініп тәртіп жасауға үйретудің қамын торулары керек. Үйренулері керек. Көп бірігіп істеген істің жемісті екенін үйрету керек. ... бала еңбекші таптың жұртшылдығы, шаруасы үшін керек тәрбия алып шығады», - деп кеңестік идеология ауқымында тәрбие беру туралы өз ұсынысын білдірген.

Білім беру бағдармасының еңбекпен, аймақтанумен және қоғамның әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты болуын қадап айтқан Асылбек Жұманұлы оның маркстік-лениндік ілімнің шеңберінде жүзеге асырылуы қажеттілігін «Оқылатын сабақ: 1) баланың аймағындағы еңбек түрлері мен шаруа әдістерінен; 2) сол жердің шаруасы құрылған жаратылыспен; 3) қоғамның тәртібі тұрмысымен толуы керек. Жаңа праграмның Маркс, Ленин көрсеткен жолмен қойылуы осы», - деп көрсеткен. Бағдарламаның осындай ұстанымы социалистік қоғамға лайық ұрпақты қалыптастыруға жол ашатындығын «Баланың барлық білімі, саяси сезімі осы 3 нәрседен құралса бала Ленин тәрбиясын алған еңбекші қоғамның бір толық мүшесі болып шығады», - деп түйіндеген.

Өлкетану турасындағы көзқарасы. Мақаласының келесі бөліміне «III – мұғалімдердің міндеті» айдар тағып, жаңа қоғамға лайық мұғалімнің білімі туралы сөз қозғаған. Баланы

оқулықпен шектелмей, терең әрі жан-жақты білім беру мұғалімнің тікелей міндеті санаған Асылбек Жұманұлы оқытушының көп білуі керектігін ашып жазған. «Жаңа шыққан праграмның негізіне түспей қолайсыз қиын тауып, терең ұлы мағна іздеп, праграмның әр тарауын тарқатып жіберіп кітаптан қарап оқыту орыс мұғалімдерінің көбінің істеген қатесі. Мұның түпкілікті себебі: мұғалімнің өзінің аймағын, елдің шаруасын, жаратылысын білмеуден келіп шығып отыр», - деп білімі таяз мұғалімнің беделінің де болмайтындығын меңзеген.

XX ғасырдың 20-шы жылдарында түрлі ғылым салаларымен қатар өлкетану, әсіресе мектептегі аймақтану ісінің қолға алынуы жаңа бастама болды. Кеңестік Қазақстан жағдайында өлкетанудың, яғни аймақтанудың негізінің қалануына Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының орны ерекше болды. 1924 жылдан бастап қоғамның негізгі бағыттарының бірі – мектепте өлкетану бөлімдерін ұйымдастыру болды. Бұл бөлімге ең бірінші кезекте төмендегідей міндеттер қатары жүктелді: қолда бар маңызды материалдарын мектептік өлкетану ұстанымдарына бейімдеу, өлкетану жұмыстарына оқушылар мен ұстаздарды тарту, мектепте өлкетану үйірмелері мен ұйымдарын нығайту болды. Осындай іске ұлт зиялылары белсене араласты. Сондайлардың бірі - А. Сейітов еді. Ол аймақты оқып-үйренуді мектептен бастау қажет деп санады. Осы бағытта білім берілуі тиіс деген тұжырым жасады. «Біз жаңа құралып келе жатқан мектептердің праграмын оқу жоспарын қалай құруымыз керек. Алғашқы адымымыз жабайы жеңіл жол жаңа праграм көрсеткен жолмен балаға білім тәрбияны аймақты үйретуден бастап беру. Жаңа мектеп орнату үшін жас бекімеген мұғалімдерді адастырмай осы жолда білім беру әдістерін таныстыру», - деген пікірі осының дәлелі. Автордың бұл ойы өзге ұлт зиялыларының көзқарастарымен үндесті. Мәселен, Телжан Шонанұлы «Мектепте аймақтану» атты мақаласында автор өлкені зерттеу турасында өз ойлары мен тілектерін жазды. ... Аймақтану деген не? Нені қалай үйретеді? Өз алдына бір пән бе? Болмаса педагогиканың тәрбие беретін бір әдісі ме? – деп (Шонанұлы, 1925:31), жүйелі мақсат қою арқылы мәселенің мәнін ашуға тырысты. Аймақтануға анықтама берген Т. Шонанұлы бұдан әрі аймақтану – бәрінен бұрын өз туған өлкесін, оның адам қажеттілігіне қарай өзгерісін оқып-үйрену деп түсіндірді. Мектептегі аймақтану мәселесі туралы аталған еңбегінде автор жергілікті табиғат пен адам әрекетін оқып-үйренуге көңіл бөле отырып, мектептегі пәндер баланы табиғатқа жауапкершілікпен және ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу керек, ал өз өлкесін тану үшін оның тарихын білуі керек, яғни «Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінгіні үйрету арқылы келешекті білуге болады... Балалар қоршаған табиғат ерекшеліктерін басқа жердің табиғатымен салыстыра білулері қажет, туған жерін білмеген адамның ой-өрісі тар болады» – деген пікір танытты, (Шонанұлы, 1925:33). Осыған орай жиырмамыншы жылдардың өзінде-ақ ғалым өз жерінің табиғатын, тарихын, мәдениетін білу үшін мектепте аймақтану үйірмелерін ашу қажет деп есептеді. Аймақтануды туған өлкенің тарихын, этнографиясын, табиғатын, халық шаруашылығын, әдебиеті мен мәдениетін оқып үйренуді бірлестіретін, яғни оқыту мен тәрбиелеудің маңызды бір педагогикалық құралы ретінде кешенді пән деген ойға келген (Абикенова, 2007:94-95). Елбасы ХХІ ғасырдың бас кезінде өзінің «Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» атты мақаласында «... білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» (Назарбаев, 2017), - атап көрсетті. Мұның өзі идеялардың, ұрпақтың сабақтастығы болып табылады, өйткені ХХ ғасыр басында айтылған ой ХХІ ғасырдың бас кезінде жалғасын тапты.

Ұлт зиялылары, соның ішінде А. Сейітов білім беруде өлкені және оның ерекшеліктерін білу маңызды болғанымен кеңестік саясатты, В.И. Ленин ілімін бір сәтте де естен шығармады. Өз ойын «Қазақ елі қазақ мектебі жаңа құрылып жаңа дұрыс Ленин көрсеткен жолмен бекіп орнығуы керек», - деп бекітіп қойды. Осы орайда кеңестік мұғалімнің ұстанымдарын былайша ашып берді: «... Мектептің оқу жоспары тәртіпке салынып оқу жаңа жолға салыныудан басқа біздің мұғалімдерге міндет қылып артатын жобалар нағыз мыналар: мұғалім ел ішіндегі мәдени күш, елге басшылық қыларлық азаматтың бірі. Сол себепті ол өзінің құлық пиғылымен елге үлгі берердей жаңа жұртшылық орнату жолында қоюы керек. Ел арасындағы жастар ұйымы жас жауынгерлер ұйымымен араласып іс істеу, оларға дұрыс жобалар айтып, жол көрсету үлкен борыштың бірі».

Мұғалімнің біліктілігі. А. Сейітов мақаласының төртінші бөлімі «ІУ – Мұғалімдердің білімін, санасын кеңейту жұмысы» деп аталады. Бұл бөлімде автор жаңа бағдарламаның мазмұнына баға берген. «Жаңа ашылған курстың сабақтары мазмұны жағынан болсын жаңа мектеп жоспарының негізінде жарамды қылып істелген. Оқу жоспары ел мұғалімінің не дәрежедегі білімге ие болуын ыңғайлап, сол білім болымдарының барлығына уақыт сыйғызуына қарап жауап береді» - дегенінен осыны аңғаруға болады. Тың бағдарлама бойынша білім беруде қазақ халқының төл тарихы бейнеленген ауызша тарих айту деректерін пайдаланудың маңызын көрсеткен автор: «... Қалың елдің неше жүз жылдық тарихында теріліп келген көп әңгіме, қиссалар, кестелі мағыналы сөздер бар. Ел аузында жүрген терілмеген, тәртіпке салынбаған әңгімелерді мұғалімдер көбі естіген, біледі, бұл әңгімелер ретінде олардың тарихи дәуірдің сәулесі есебінде қаралмай, сынға салынып, сол дәуірдің мәданияты, тұрмысы, салт-санасының айнасы екендігі ашылмай келеді», - деп жазған. Эпикалық шығармалар тұрғысындағы деректердің білім беруде қолдану және солар, яғни тарих арқылы тәрбиелеу қолға алынбай отырғандығына қынжылған. Асылбектің сөзімен айтсақ, ел аузындағы шығармалардың қазақ тарихы үшін құнды дерек екендігі даусыз. Жалпы қазақ халқының ата-бабасы барлық рухани мұрасын хатқа қондырып, ұрпағына тау-тау етіп, құжат жинап, мұрағат ашпаса да ауызша тарихтан мол деректерді қалдырды. Ауызша тарих айтудың дерек көздері болып табылатын көптеген аңыз әңгімелер, дастандар, эпостық жырлар, толағай толғаулар, ертегілер, т.б. қазақ арасына кең тарап кеткен. Шежіре қылып сыр шертетін деректер бүгінгі күні 100 томдық «Бабалар сөзі» деген атаумен шетінен жарық көрді (Бабалар сөзі, 2009). Ауызша тарих айту деректері өздерінің бойында қазақ халқының дүниетанымының және тарихи білімінің негізін жинақтаған көрсеткіш болып табылады, өйткені оларда халықтың күнделікті өмірі, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, дүниетанымы, көші-қоны, көршілермен қарым-қатынасы жайлы мәліметтері сақталған. Оларды талдап, мол мәлімет алып, тарих жазудың, тарихи шындықты қалпына келтірудің өзегіне айналдырған абзал. Осы орайда тарих ғылымындағы методологиялық ұстанымдар мен әдіс-тәсілдерді, зерттеу бағыттарын пайдалана отырып, ауызша тарих айту деректерінің шынайылығын дәлелдей отырып, ғылыми айналымға көбірек түсіру көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Фольклор арқылы ұрпақ тәрбиелеу өз алдына күрделі әрі дербес мәселе.

Мақалада А. Сейітов білім беруде заманауи тілмен айтқанда, пәнаралық байланыстарды да көтерген. Аймақтануды жаратылыстану пәндерімен, соның ішінде географиямен ұштастыра отырып оқытудың ұтымдылығын көлденең тартқан. Сонымен қатар мұғалімнің міндетті түрде көшпелі мал шаруашылығының өткенін, негіздерін, ерекшеліктерін білуі керектігі туралы қадап айтқан. «Ең көп уақыт белгіленіп отырған сабақ аймақтық тану сабақтары. Аймақты тану не даражада керектігін бастап айтып өттік. Қазақ елінің шаруасы мал асырау, егін салудан құралады. Жерінің жағрапиясы жаратылыс әуесі аймақтың шаруасымен байланып оқылмақ. Мұғалімдер қазақ жұртының мал асырау шаруасын әбден бекіп білуі керек». Мұның өзі төл тарихты, оның өзегін тану дегенді білдіреді.

Асылбек Жұманұлы «Аймақты үйрену әдісі ауылдың тұрмысын, шаруасын үйретуден басталады», - деп жазды. Бұл дегеніміз туған жерді оқып-үйрену, сол арқылы маман иесі болу.

Асылбек Сейітов еңбегінде мұғалімнің атқаратын жұмыстарын атап көрсете келе оның үнемі өзінің біліктілігін арттырып отыруы тиіс екендігін де назардан тыс қалдырмады. Біліктілікті кітаптар, мерзімді басылым материалдар арқылы көтеруге болатындығы өз талабын былайша көрсеткен: «Мұғалімнің білімін арттыру жолындағы жұмысы мұнымен түгесілмейді. Жалпы мұғалім қазақ тілінде шығып жатқан кітап, журналдарды, газеттерді жазып алдырып отыруы керек». Сол үшін Асылбекше «Губернадағы әрбір мұғалім жалобниясының бір бөлімін кітап, журнал, газетке арнауы аса керек. Оқу бөлімдері, оқу бақылаушылары бұл пікірді елге жайып шыққан кітаптарды уақытында жеткізу шарасын көру керек».

1920-жылдары білім беру саласында мұғалімдер жетіспеген уақыттарда оларды даярлайтын курстар ашылды. Кеңес өкіметі тек мұғалімдерді ғана емес өзге маман иелерін 1, 3, 6 айлық курстар арқылы дайындап шығарды. Алайда мұндай курстарда толыққанды мамандардың дайындалуы мүмкін емес еді. осыны Асылбек те көре білген. Сондықтан да «... Мұнан былай мұғалім өз жолына бекілген қызмет болып дұрыс жеміс берердей оқыту үшін білімін толықтыруды өзінің міндеті көруі керек. Хат таныту, төрт амалды білгізу үшін 4-5 жыл сабақ оқытылатын мектеп ашылмайды. Бұл даражаде білім беретін ликпунктдар 3-4 айлық. 3-4 жыл баланы тәрбиялап оқытуға жетерлік білімді мұғалім өзбетімен ізденіп тұруы керек», - деп жазды. Алайда аз оқысада, көп оқыса да мұғалімдер өз білімдерін тереңдетіп, біліктіліктерін көтеріп отырулары тиіс. Қазіргі уақытта бұл мәселеге ерекше мән берілген. Осыған орай кез келген мұғалім әрбір бес жылда арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп тұрады.

Қорытынды

Осылайша жазғы айларда мұғалімдер курсының ұйымдастырылар алдында Асылбек Жұманұлы арнайы еңбек дайындап, көзі қарақты оқырманның назарына ұсынып, бірқатар ұтымды пікірлер айтты. Оқытуда уақыт талабына сәйкес өз ойын білдірді. Кеңес өкіметімен бірге келген өзгерістерді мойындаса да аяулы азаматтың ұлттық мүддені көздегені анық көрінеді.

Қазіргі кезеңде Асылбек Сейітов еңбегінің маңызы зор. Заманауи білім беру бағдарламаларын дайындауда шетелдік тәжірибені насихаттай бермей ұлттық мүддені басшылыққа алу қажет. Білім беруде ұлттық, яғни отандық модельді қалыптастырып, дамыту ел болашағының кепілі. Білім беруді халықаралық деңгейге көтерілуде оқыту мен ғылыми зерттеулер жүргізудің заманауи технологияларын меңгеруді және ғылым мен білімді ұштастыруды, олардың қорытындыларын тәжірибеде пайдалануды, инновацияға негізделген инфрақұрылым қалыптастыру басты міндеттердің біріне шынайы түрде айналдыру қажет. Білім беру мен тәжірибені ұштастырудың сапалы білім беруге, бәсекелестікке қабілетті маман дайындаудың деңгейіне де ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Абикенова К.Е. Телжан Шонанұлының қоғамдық-ағартушылық және ғылыми қызметі (1894-1938 жж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасы. – Алматы, 2007. – 129 б.
- Абилев Д. Мечта поэта. – А-Ата, 1981. – 614 с.
- Асылбек Сейітов. Центральный государственный архив г. Алматы. – Фонд №357. – Описание №1. Документов постоянного хранения фонда личного происхождения за 1909-2002 гг. 37 дел.
- Асылбек Сейітов: патриот, общественный деятель, ученый. Сборник статей и архивных материалов, посвященный деятельности выдающегося алашского деятеля Асылбека Жумановича Сейітова (1894-1937гг.). – Астана, 2013.
- Бабалар сөзі. 100-томдық. – Алматы, 2009-2012.
- Байсақал Н. Асылбекті ардақтау артық емес. //Алматы ақшамы – 2002. – 13-тамыз.
- Власов Л. Анна Портнягина // Простор. – 1992. – №4. – С. 11-17.
- Елбасының «Рухани жаңғыру – болшаққа бағдар» мақаласы: [Электронды ресурс]. 2017. – [Электронный ресурс] – URL:<http://www.inform.kz/> (қаралған күні: 19.05.2018).
- Лавров К. Врач с большой буквы//Новое поколение. – 1999. – 1 октября.

Сейітов А. Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек (Жазды күнгі оқытушылар курсы ашылар алдында). // Клара Асылбекқызы Сейітованың жеке архиві.

Мұхатова О. Асылбек Сейітов – тарихта қалған із. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 102 б.

Нагиметов Г. Жизнь, отданная народу. //Юридическая газета. – 1987. – 19-августа.

Сәрсек М. Асылбек Сейітов кім болған. // Семей таңы. – 2001. – 20, 27-сәуір, 11, 18-мамыр.

Сейітов А. Оқушыларға жәрдем жәмиғаты. // Қазақ. – 1914. – №55. – 23 наурыз.

Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. Төртінші басылым. – Алматы «Жазушы», 1977. – 387 б.

Шонанұлы Т. Мектепте аймақтану // Жаңа мектеп. – 1925. – № 3. – 31-36 бб.

References

Abikenova K.E. Telzhan Shonanylynyn kogamdyk - agartushylyk zhane gylymi kyzmeti (1894-1938 L.J.). Tarikh gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin dayyndalghan dissertatsiyanyn kolzhazbasy . – Almaty , 2007. – 129 b.

Abilev D. Mechta poeta. – A-Ata, 1981. – 614s.

Asylbek Seitov. Central'nyj gosudarstvennyj arhiv g. Almaty. – Fond №357. – Opis' №1. Dokumentov postoyannogo hraneniya fonda lichnogo proiskhozhdeniya za 1909-2002 gg. 37 del.

Asylbek Seitov: patriot, obshchestvennyj deyatel', uchenyj. Sbornik statej i arhivnyh materialov, posvyashchennyj deyatel'nosti vydayushchegosya alashskogo deyatelya Asylbeka ZHhumanovicha Seitova (1894-1937gg). – Astana, 2013.

Babalar sozi. 100-tomdyq. – Almaty, 2009-2012.

Baysqal N. Asylbekti ardaқтау артық емес. //Almaty aqshamy. – 2002. – 13-tamyz.

Vlasov L. Anna Portniygina.//Prostor. –1992. – №4. – С. 11-17.

Elbasynyn «Ruhani zhangyru – bolshaqqa bagdar» maqalasy. – [Electron resource] 2017. – URL:<http://www.inform.kz/> (qaralghan күni: 19.05.2018).

Lavrov K. Vrach s bol'shoj bukvy. //Novoe pokolenie. – 1999. – 1 oktyabrya.

Sejıtov A. Agartu zholında ne shara qoldanuymyz керек (Zhazdy күнгі оқытушылар курсы ашылар алдында) //Klara Asylbekkyzy Sejıtovanuң zheke arhivi.

Muhatova O. Asylbek Sejıtov – tarihta qalghan iz. – Almaty: «Qazaq universiteti», 2018. – 102 b.

Nagimetov G. Zhizn', otdannaya narodu //YUridicheskaya gazeta. – 1987. – 19-avgusta.

Sarseke M. Asylbek Sejıtov kim bolghan. //Semej tany. – 2001. – 20, 27-sayir, 11, 18-mamyr.

Sejıtov A. Oqushylarға zhәrdem zhәmigaty. //Qazaq. – 1914. – №55.23 nauryz

Seitova K. Odin iz pervyh vrachej kazahov. //Vechernij Almaty. – 1997. – 16 sentyabrya.

Sejıfullin S. Tar zhol tajgaq keshu. Tarihi-memuarilyq roman. Tөrtinshi basylym. – Almaty «Zhazushy», 1977. – 387 b.

Shonanyly T. Mektepte aymaktanu. // Zhana mektep . – 1925. – № 3. – 31-36 bb.

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДА ЯНЫЧАРЛАР ӘСКЕРИ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ (XV-XVIII ғғ.).....	5
Алдажұманов Қ.С., Шілдебай С.Қ., Асанова С.Ә. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХЫНАН (1941-1945).....	17
Ахмет А.Қ., Шотанова Ғ.А., Қозыбақова Ф.А. ЭТНОГРАФ-ҒАЛЫМ САЛЫҚ БАБАЖАНОВ.....	32
Әбсадық А.А. КЕЙКІ МЕРГЕН: ХАЛЫҚТЫҚ БАЯНДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР	44
Әбсадық А.А., Исенов Ө.И. КЕЙКІ БАТЫР: ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒА	57
Әпендиев Т.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР.....	69
Байдалы Р.Ж. 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жүзбаева Ұ.Д. «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ДЕРЕККӨЗІНДЕГІ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ АРАЛДАРЫ ЖӘНЕ АТЛАНТ МҰХИТЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ.....	91
Бисембаева Л.А. ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы).....	100
Борбасов С.М. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИАЛЕКТИКАСЫ.....	110
Ескеева М.Қ. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	131
Жұмаділ А.Қ., Өжкенов Е.М., Жұмаділ М.Т. ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТА: БИЛЕУШІЛЕРДІҢ, БИЛЕУШІ ӘУЛЕТ ПЕН ТАЙПАЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНІҢ КИЕЛЛІГІ ЖӨНІНДЕ.....	142
Жүгенбаева Ғ.С. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ.....	156
Жүнісбаев А., Алдажұманов Қ., Шілдебай С. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТТЫ ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ (1941-1945): 81, 96 және 105 атты әскер дивизияларының материалдары бойынша	168
Иембекова М.О. ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е. КӨМЕКОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАНДЫҚ ДЕРЕКТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	206
Исенов О.И. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМЕКЕНЕН КӨШУІ.....	218
Кабдушев Б., Шілдебай С. ҮКІМЕТ ТӨРАҒАСЫ Н. НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	231
Қабыл А.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	248
Қаипбаева А.Т. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТАРИХИ ТҰЛҒА.....	260

Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «БӘРІ ДЕ МАЙДАНҒА, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!» ҰРАНЫМЕН ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (Жамбыл облысының мысалында).....	274
Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ (1946-1955).....	287
Қозыбаева М.М. XX ғ. 30-ШЫ ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ БАТЫС СІБІР АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРЫ.....	304
Қоңқабаева Н.Н. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АТ-ТУХФА ҚОЛЖАЗБАСЫНА ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. XVIII ғ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН САҚТАП ҚАЛУДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ	324
Мұхатова О.Х. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э., Молдашева С.К. АТЫРАУ ӨЛКЕСІ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ: САУАТСЫЗДЫҚТАН ОРТА МЕКТЕПКЕ.....	345
Оспанов Н.М. ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІ МЕН КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КОРЕЙ МЕМЛЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС ТАРИХЫНАН: ЛАТЫН ӨЛПБИ ҮШІН КҮРЕС.....	368
Рүстемов С.К., Оразов Р.Е. МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР.....	385
Садвокасова З.Т. ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА ПРАВОСЛАВИЕЛІК УАҒЫЗ (XIX – XX ғасырдың басы).....	399
Сатанов А.Б. ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ: ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ	411
Серубаева А.Т. Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ-САЯСИ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТӨБЕ КӨТЕРІЛІСІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ.....	443
Тусупов А.Р. ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ САЯСИ АНТРОПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ АЙНАСЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ТАРИХЫ.....	472
Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ҚАЛБА-НАРЫМ ӨҢІРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ (1991 жылға дейін).....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумағалиева К.В. ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТАРИХНАМАДАҒЫ ЖӘНГІР ХАНДЫҢ БАСҚАРУ САЯСАТЫ БАҒЫНДАҒЫ ОБРАЗЫ	495
Шілдебай С., Кабдушев Б., Жұмағов Д. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЕНГІЗУ ТАРИХЫНАН	507

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ИНСТИТУТ БАТЫРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ И ФУНКЦИИ ЯНЫЧАРСКОЙ ВОЕННОЙ СИСТЕМЫ В ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ (XV-XVIII вв.).....	5
Алдажуманов К.С., Шилдебай С.К., Асанова С.А. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ (1941-1945).....	17
Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Козыбакова Ф.А. УЧЕННЫЙ-ЭТНОГРАФ САЛЫК БАБАЖАНОВ.....	32
Абсадык А.А. КЕЙКИ МЕРГЕН: НАРОДНЫЕ ПРЕДАНИЙ И ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ.....	44
Абсадык А.А., Исенов О.И. КЕЙКИ БАТЫР: КРОВАВОЕ СОБЫТИЕ НА ЖЫЛАНШЫК-ЖАЛАУЛЫ.....	57
Апендиев Т.Ә. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ПОКОЛИЧЕСТВЕННОМУ ПОКАЗАТЕЛЮ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1945-1955 гг.....	69
Байдалы Р.Ж. КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В РЕСПУБЛИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ ВО ВРЕМЯ ГОЛОДА 1930-Х ГОДОВ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жузбаева У.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ОСТРОВОВ СРЕДИЗЕМНОГО МОРЯ И АТЛАНТИЧЕСКОГО ОКЕАНА В ИСТОЧНИКЕ «ТАКВИМ АЛЬ-БУЛЬДАН».....	91
Бисембаева Л.А. ЖЕТЫСУЙСКИЕ КАЗАХИ В УСЛОВИЯХ ТОВАРНО-ДЕНЕЖНЫХ ОТНОШЕНИЙ (вторая половина XIX - начало XX века).....	100
Борбасов С.М. ПАРАДИГМА НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА И ДИАЛЕКТИКА ЕГО РАЗВИТИЯ.....	110
Ескеева М.Қ. КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ИСТОРИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ	131
Жумадил А.К., Ужкенов Е.М., Жумадил М.Т. СТЕПНАЯ ЭЛИТА: О САКРАЛЬНОМ ПРОИСХОЖДЕНИИ ПРАВЯЩИХ ПЛЕМЕН, ДИНАСТИЙ И ПРАВИТЕЛЕЙ.....	142
Жугенбаева Г.С. ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О БОРЬБЕ ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	156
Джунисбаев А., Алдажуманов К., Шилдебай С. КАВАЛЕРИЙСКИЕ СОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-45): по материалам 81-й, 96-й и 105-й кавалерийских дивизий	168
Иембекова М.О. СОВРЕМЕННЫЙ УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КЫРГЫЗСТАНОМ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е.КУМЕКОВ И ЕГО ВКЛАД В ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ.....	206
Исенов О.И. ГОЛОД 30-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ СТРАНЫ.....	218
Кабдушев Б., Шилдебай С. ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВИТЕЛЬСТВА Н. НУРМАКОВ И ПРОБЛЕМЫ ВОССТАНОВЛЕНИЯ СКОТОВОДЧЕСКОГО ХОЗЯЙСТВА.....	231
Кабыл А.А. ОСОБЕННОСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО- ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ КОНЦА XVIII- НАЧАЛА XX ВЕКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	248
Каипбаева А.Т. МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ, БОРЕЦ ЗА НАЦИОНАЛЬНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЕ.....	260

Кали А.Н. ВКЛАД КАЗАХСТАНЦЕВ В ДОСТИЖЕНИЕ ПОБЕДЫ ПОД ДЕВИЗОМ «ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!» (На примере Жамбылской области).....	274
Кали А.Н. УРОВЕНЬ ГРАМОТНОСТИ И ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1955 гг.)....	287
Козыбаева М.М. КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ В ПЕРИОД ГОЛОДА НАЧАЛА 30-Х ГГ. XX В.....	304
Конкабаева Н.Н. ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ СРЕДНЕВЕКОВОМУ МАНУСКРИПТУ АТ-ТУХФА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. РОЛЬ ОЛЖАБАЙ БАТЫРА В СОХРАНЕНИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В XVIII В.....	324
Мухагова О.Х. МЫСЛИ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ОБ ОБРАЗОВАНИИ.....	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э. Молдашева С.К. СЛАВНЫЙ ПУТЬ ПЕДАГОГОВ АТЫРАУСКОГО КРАЯ: ШКОЛ: ОТ ЛИКБЕЗА ДО СРЕДНИХ ШКОЛ.....	345
Оспанов Н.М. ИСТОРИОГРАФИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ С ДРЕВНИМИ И СРЕДНЕВЕКОВЫМИ КОРЕЙСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. К ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ЯЗЫКОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: БОРЬБА ЗА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ.....	368
Рустемов С.К., Оразов Р.Е. МУСУЛЬМАНСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И КАЗАХИ.....	385
Садвокасова З.Т. ПРАВОСЛАВНАЯ ПРОПОВЕДЬ СРЕДИ КАЗАХОВ (XIX - начало XX веков).....	399
Сатанов А.Б. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ФЕНОМЕНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	411
Серубаева А.Т. ПРОБЛЕМЫ ЭТНИКО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ш. УАЛИХАНОВА.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТЮБИНСКОЕ ВОССТАНИЕ: УРОКИ И ИСТОРИЯ.....	443
Тусупов А.Р. ПОЛИТИЧЕСКАЯ АНТРОПОЛОГИЯ И СПЕЦИФИКА КОЧЕВОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ДРЕВНИХ ТЮРОК.....	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ИСТОРИЯ САРАЙЧИКА И АКТОБЕ В ЗЕРКАЛЕ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА.....	472
Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ В КАЛБА-НАРЫМСКОМ РЕГИОНЕ.....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумагалиева К.В. ОБРАЗ ДЖАНГИР ХАНА В ПОЛИТИКЕ УПРАВЛЕНИЯ СТЕПЬЮ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	495
Шилдебай С., Кабдушев Б., Жуматов Д. СОВЕТСКИЙ КАЗАХСТАН: ИЗ ИСТОРИИ ВВЕДЕНИЯ ДЕЛОПРОИЗВОДСТВА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	507

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Akynova A.P. INSTITUTE OF BATYRS IN KAZAKH SOCIETY AND FUNCTIONS OF THE JANISSARIES MILITARY SYSTEM IN THE OTTOMAN EMPIRE (XV-XVIII centuries).....	5
Aldazhumanov K., Shildebay S², Assanova S. FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN WARTIME (1941-1945).....	17
Ahmet A.K., Shotanova G.A., Kozybakova F.A. ETHNOGRAPH-ALYM SALYK BABAZHANOV.....	32
Absadyk A.A. KEIKI Mergen: FOLK TRADITIONS AND WRITTEN SOURCES.....	44
Absadyk A.A., Issenov O.I. KEIKI BATYR: BLOODY EVENT ON ZHYLANSHYK- ZHALAULY.....	57
Apendiyev T.A. DEMOGRAPHIC PROCESSES IN QUANTITATIVE TERMS OF THE RURAL POPULATION IN KAZAKHSTAN IN 1945-1955.....	69
Baidaly R.Zh. KAZAKH REFUGEES IN THE REPUBLICS OF CENTRAL ASIA DURING THE HUNGER OF THE 1930S.....	78
Batyrkhan B.Sh., Zhuzbayeva U.D. HISTORICAL GEOGRAPHY OF THE ISLANDS OF THE MEDITERRANEAN SEA AND THE ATLANTIC OCEAN IN THE SOURCE «TAQWIM AL-BULDAN».....	91
Bissembayeva L.A. THE ZHETSU KAZAKHS IN THE CONTEXT OF A COMMODITY AND MONEY RELATIONSHIP (SECOND HALFOF19 TH CENTURY -EARLY 20 TH CENTURY).....	100
Borbassov S.M. THE PARADIGM OF AN INDEPENDENT STATE AND THE DIALECTICS OF ITS DEVELOPMENT.....	110
Yeskeyeva M.K. KAZAKH LANGUAGE IN THE HISTORICAL CLASSIFICATION OF THE TURKIC LANGUAGES.....	131
Zhumadil A.K., Uzhkenov E.M., Zhumadil M.T. THE STEPPE ELITE: ON THE TITULAR ORIGIN OF RULING TRIBES, DINASTIES AND RULERS.....	142
Zhugenbayeva G. HISTORICAL SOURCES ON THE STRUGGLE FOR THE NATIONAL IDENTITY OF THE KAZAKH PEOPLE.....	156
Junisbayev A., Aldazhumanov K., Shildebay S. CAVALRY UNITS OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945): based on materials of the 81 st , 96 th and 105 th cavalry divisions.....	168
Iyembekova M.O. CURRENT LEVEL OF THE DEVELOPMENT AND PROBLEMS OF RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN	191
Ilyassova Z.S. ACADEMICIAN B. KUMEKOV AND HIS CONTRIBUTION TO DOMESTIC RESOURCE STUDIES.....	206
Issenov O.I. FAMINE OF THE 1930s IN KAZAKHSTAN: THE MIGRATION OF KAZAKH FROM THE COUNTRY.....	218
Kabdushev B., Shildebay S. CHAIRMAN OF THE GOVERNMENT N. NURMAKOV AND THE PROBLEMS OF RESTORING THE LIVESTOCK FARMING.....	231
Kabyl A.A. FEATURES OF THE THEORY AND PRACTICE OF TEACHING THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE LATE 18 th – EARLY 20 th CENTURIES IN KAZAKHSTAN.....	248
Kaipbaeva A.T. MAKHAMBET UTEMISOV – A HISTORICAL FIGURE, NATIONAL LIBERATION FIGHTER.....	260
Kali A.N. CONTRIBUTION OF KAZAKHSTANIS TO ACHIEVING VICTORY UNDER THE MOTTO «EVERYTHING FOR THE FRONT, EVERYTHING FOR VICTORY!» (ON THE EXAMPLE OF ZHAMBYL REGION).....	274
Kali A.N. THE LEVEL OF LITERACY AND EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR YEARS (1945-1955).....	287

Kozybayeva M.M. KAZAKH MIGRANTS IN THE TERRITORY OF WESTERN SIBERIA IN THE PERIOD OF EARLY 1930-ies FAMINE.....	304
Konkabayeva N.N. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ.....	313
Margulan D.A., Margulan A.S. OLZHABAI BATYR'S ROLE IN CONSERVATION KAZAKH STATEHOOD IN THE XVIII C.....	324
Mukhatova O.Kh. THOUGHTS OF THE ALASH LEADER ABOUT EDUCATION	334
NagimovSh.N., Berdyguzhin L.B., Zhumabayeva E., Moldasheva S.K. THE GLORIOUS PATH OF THE TEACHERS OF THE ATYRAU REGION:FROM LITERACY CLASSES TO SECONDARY SCHOOLS	345
Ospanov N. HISTORIOGRAPHY OF THE RELATIONSHIPS BETWEEN THE NOMADS OF THE GREAT STEPPE WITH THE ANCIENT AND MEDIEVAL KOREAN STATES	358
Ramazanova F.S., Kakenova Z.K. ON THE HISTORY OF NATIONAL-LANGUAGE CONSTRUCTION IN SOVIET KAZAKHSTAN: FIGHT FOR THE LATIN ALPHABET.....	368
Rustemov S.K., Orazov R.E. THE MUSLIM MOVEMENT AND THE KAZAKHS.....	385
Sadvokassova Z.T. ORTHODOX PREACHING AMONG KAZAKHS (second half of the XIX-early XX centuries).....	399
Satanov A.B. HISTORY OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF DISTANCE EDUCATION: PHENOMENOLOGICAL RESEARCH.....	411
Serubayeva A.T. ISSUES OF ETHNIC AND POLITICAL HISTORY OF EAST TURKESTAN IN THE RESEARCH BY SH. UALIKHANOV.....	431
Stamshalov E.I. ARALTYUBES REBELLION: HISTORY AND LESSONS.....	443
Tussupov A.R. POLITICAL ANTHROPOLOGY AND SPECIFICITY OF THE NOMADIC STATEHOOD OF THE ANCIENT TURKS.....	458
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A. HISTORY OF SARAYCHIK AND AKTOBE IN THE MIRROR OF RUSSIAN HISTORIOGRAPHY OF THE PRE-REVOLUTIONARYPERIOD.....	472
Shakenov S.T., Yergabylov A.E. BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF STUDYING BRONZE AGE MONUMENTS IN THE KALBA-NARYM REGION.....	484
Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Dzhumagalieva K.V. THE IMAGE OF JANGIR KHAN IN GOVERNANCE POLICY TOWARDS THE STEPPE IN DOMESTIC AND FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	495
Shildebay S., Kabdushev B., Zhumatov D. SOVIET KAZAKHSTAN: FROM THE HISTORY OF THE INTRODUCTION OFFICE WORK IN KAZAKH LANGUAGE.....	507

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 4(24)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй